

ҒТАХР 06.43.01
ӘОЖ 339.977

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-200-209>

Л.А. МЕДУХАНОВА,¹

Э.Ф.К.

e-mail: medukhanova.l@gmail.com

Ж.А. СЕРИЕВА,^{*1}

докторант.

*e-mail: name.zhanar@mail.ru

М.С. САРЫБАЕВ,²

PhD.

e-mail: smeiram@gmail.com

¹эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

²Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық
техникалық зерттеу университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ

Андатпа

Орталық Азия ежелгі дәуірден бері Жібек жолының бойында гүлденген аймақ болғаны тарихи дәлел. Орталық Азияның маңыздылығы екі негізгі көрсеткіштен туындайды. Біріншіден, Орталық Азия әлемдегі ғылыми, саяси, мәдени және өнеркәсіптік үрдістерге маңызды үлес қосқан бірнеше алдыңғы қатарлы мемлекеттер мен өркениеттердің негізгі аумағы болды. Екіншіден, өзінің орналасуына байланысты, Орталық Азия әрдайым жаһандық ауқымда сауда, мәдени және өркениеттік алмасулардың қиылысы рөлін атқарды. Қазіргі таңда қайтадан ерекше рольге ие болып отырған Орталық Азия елдерінің экономикалық интеграция құру мүмкіндіктері қарастырылуда. Мақалада Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы интеграцияның құрылу тарихы ашып көрсетіледі және интеграцияның болашақтағы мүмкіндіктері айқындалады. Зерттелетін тақырып бойынша шетелдік және отандық басылымдарды талдау, ОА елдерінің тарихын, экономикасын және интеграциясының жаһандық орнын сипаттайтын статистикалық мәліметтерді талдау сияқты аналитикалық және статистикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: экономика, интеграция, сауда қатынастары, үдеріс, аймақ, инвестициялар, ынтымақтастық.

Кіріспе

Орталық Азия ежелгі дәуірден бері Жібек жолының бойында гүлденген аймақ болғаны тарихи дәлел. Орталық Азияның маңыздылығы екі негізгі көрсеткіштен туындайды. Біріншіден, Орталық Азия әлемдегі ғылыми, саяси, мәдени және өнеркәсіптік үрдістерге маңызды үлес қосқан бірнеше алдыңғы қатарлы мемлекеттер мен өркениеттердің негізгі аумағы болды. Екіншіден, өзінің орналасуына байланысты Орталық Азия әрдайым жаһандық ауқымда сауда, мәдени және өркениеттік алмасулардың қиылысы рөлін атқарды. Алайда, әлемдік сауда айналымында теңіз және әуе тасымалдарының пайда болуына, сондай-ақ ықпалды мемлекеттердің саяси әсерімен Орталық Азия аймағының құлдырауына байланысты бұл аймақ жаһандық орнын жоғалтты.

Мақаланың мақсаты – Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің арасындағы интеграция құру тарихын ашу және болашақта интеграция құру мүмкіндігі мен алғышарттарын анықтау.

Қойылған мақсатқа жету үшін зерттелетін тақырып бойынша шетелдік және отандық басылымдарды талдау, ОА елдерінің интеграция құру тарихын, экономикасын және әлемдік орнын сипаттайтын статистикалық деректер сияқты аналитикалық және статистикалық зерттеулер әдістері пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Әдебиетте орын алған оқиғаның себептері, атап айтқанда, интеграциялық факторлардың нақты мүмкіндігі асыра бағаланбағаны, ал аймақ елдерінің өндірісті, тауарлы-материалдық алмасуды және қаржы саласын терең интеграциялауға жан-жақты дайындығы мәселелері тиісті назарсыз қалғаны туралы бірқатар пікірлер айтылды [1]. ОА-да мемлекетаралық деңгейде өзара іс-қимылды қиындататын факторлар бұрынғысынша үлкен рөл атқарады [2]. Дегенмен, аймақтық интеграция ОА аймағы елдерінің экономикалық саясатын қалыптастыру кезінде жиі талқыланатын мәселенің бірі болып қала береді.

Бұл ретте жалпы Орталық Азия аймағындағы экономикалық интеграцияның әлеуетін оң бағалайды [3]. Сарапшылардың айтуынша, қазіргі уақытта Орталық Азия аймағындағы елдердің өзара іс-қимылы негізінен екі жақты келісімдер форматында құрылады. Институционалдық интеграцияны дамытуда нақты нәтижелердің болмауы көбінесе трансшекаралық өзара іс-қимылдың дамуымен, яғни «төменнен» интеграциямен өтеледі деген пікір айтылады [4]. Әлемдік тәжірибе дамудың жоғары және жеткілікті жақын деңгейлері бар елдерді біріктіретін интеграциялық блоктардың дамымаған, кедей елдердің бірлестіктеріне қарағанда табысқа жету мүмкіндігі көбірек екенін көрсетеді [5]. Бірқатар зерттеулер су-энергетикалық кешенді қоса алғанда, Орталық Азия экономикаларының жекелеген түйінді салалары мен секторларындағы интеграциялық процестерге арналған [6].

ОА мемлекеттерінің экономикасын зерттеуге арналған көптеген келесі заманауи авторлардың еңбектері де аталған аймақтың геостратегиялық жағдайына, ресурстармен қамтамасыз етілуіне және Европалық Одақ, Америка Құрама Штаты, Ресей және Қытай сияқты жаһандық экономикалық орталықтармен қатынастары қарастырылады: Boris Z Rumer, Asian Development Bank Institute, OECD және т.б. [7–9].

Қазақстандық зерттеушілердің ішінен ОА мен өзге елдердің қатынастары туралы, ОА мемлекеттерінің әлемдегі орны мен жетекші державалардың осы аймаққа қатысты саясатына арналған Ш.Б. Закиева, С. Кушқумбаев, М.С. Акимбековтің [10–12] және Президент жанындағы ҚСЗИ-ң ғалымдарының жазған «Орталық Азия 25 жылда: ақпараттық-талдамалық шолу» [13] еңбектерін атап өтуге болады.

Әдістер

Зерттеудің негізгі әдістері ретінде жалпы ғылыми аналитикалық әдістер де, халықаралық қатынастар бойынша зерттеулерді тікелей жүргізуге тән бірқатар әдістер, соның ішінде жүйелік тәсілге негізделген әдістер қолданылған. Әдістердің жиынтығы әр түрлі көздер мен аналитикалық материалдарды талдауды, ақпаратты синтездеуді, деректерді салыстыруды қамтиды.

Зерттеу қорытындылары әртүрлі көздерден алынған материалдарға негізделеді. Бірінші кезекте, жалпы құжаттарды, статистикалық деректер (ұлттық деректер базасынан, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, ХВҚ және т.б. сияқты халықаралық институттардың деректер базасынан алынған), материалдар пайдаланылған. Орталық Азия елдерінің ішкі және сыртқы экономикасындағы оқиғалар бойынша, сондай-ақ олардың екіжақты қарым-қатынастары мен жаһандық басқару институттары шеңберіндегі өзара іс-қимыл мәселелері бойынша неғұрлым өзекті ақпарат алу үшін ғылыми журналдардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан мақалалар зерделенді, әртүрлі интернет-көздерден алынған, атап айтқанда, халықаралық ұйымдар сайттарының деректері талданды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тәуелсіздік алғаннан кейін Орталық Азия елдері аймақтың интеграция құру мәселесін бірнеше рет көтергендері тарихтан белгілі.

1991 ж. 13 желтоқсанда Ашхабад қаласында КСРО-ның ыдырауымен байланысты жағдайды және аймақтағы одан арғы өзара қарым-қатынастарды талқылау үшін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуі өтті. Бұл кездесу Ресей, Украина және Беларусь мемлекет басшыларының Кеңес Одағын тарату және ТМД құру туралы Орталық

Азия республикаларын шақырмастан шешім қабылдау әрекеттеріне жауап ретінде болды. ОА елдерінің көшбасшылары халықаралық қатынастардың толыққанды қатысушылары ретінде Кеңес Одағының әрі қарайғы тағдырын шешуге және ТМД-ның жаңа ұйымына теңдей қатысқысы келді [14].

ОА елдерінің аймақтық интеграциясы жолындағы келесі қадам 1993 ж. 4 қаңтардағы Ташкент қаласында мемлекет басшыларының кездесуі болды. Оған президенттер Н.Ә. Назарбаев, А.А. Ақаев, С.А. Ниязов, И.А. Кәрімов және Тәжікстан Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Э.Ш. Рахмонов қатысты. Бұл уақыт Тәжікстан үшін өте қиын болды, республикада азаматтық соғыс болды. Орталық Азия елдерін экономикалық және саяси одаққа біріктіру идеясы белгісіз болды. 1994 ж. 10 қаңтарда Ташкентте Өзбекстан Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында осы елдер арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қол қойылды. 1994 ж. 30 сәуірде Шолпан-Ата қаласында Ыстықкөл жағасында Бірыңғай экономикалық аймақ құру туралы үш жақты шартқа (Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан) қол қойылды. Кейінірек ОА мемлекеттерінің бұл бірлестігі Орталық Азия экономикалық қауымдастығы деп аталды [15]. ОА елдерінің экономикалық интеграциясы жолындағы келесі кезең ОАЭҚ-ты Орталық Азия Ынтымақтастығы ұйымына айналдыру болды, ол аймақ ішіндегі өзара қарым-қатынастарды одан әрі тереңдете түсті және аймақ елдері арасындағы барлық мүмкін болатын тосқауылдарды алып тастауға ұмтылды.

2001 ж. желтоқсанда Ташкентте ОА президенттерінің кездесуі өтті, онда Өзбекстан президенті И. Каримовтың ОАЭҚ-ты Орталық Азия Ынтымақтастығы ұйымына қайта құру туралы ұсынысы қолдау тапты. Ынтымақтастық құру туралы шартқа 2002 ж. 28 ақпанда Алматыда қол қойылды. Шартқа Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан қатысты. Жаңа ұйымның кеңейтілген мақсаттары мен міндеттері болды. Қатысушы елдер қауымдастықтың шеңберінде бұрын қабылданған шарттар мен шешімдердің сабақтастығын қамтамасыз етуге келісті [16].

Бірақ жаңадан құрылған ұйым кезеңге шыға алмады, бұл сыртқы факторлардан туындаған болуы мүмкін. 2001 ж. 11 қыркүйектен бастап халықаралық қатынастарда жаңа дәуір басталды – Ауғанстандағы операция, осы тұрғыдан алғанда, Орталық Азия елдері Батыс үшін де, Ресей үшін де маңызды серіктестер болды. Елдерге дұрыс шешімдер мен әрекеттер жасау керек болды. Екі жылдан кейін, 2004 ж. 16 қазанында тарихи оқиға болды – Ресей ресми түрде Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымына мүше болып кірді, бұл Орталық Азия ынтымақтастығы тұжырымдамасы мен мағынасын бұрмалады. Бір жылдан кейін 2005 ж. 6–7 қазанда Санкт-Петербургте ОАЫ ұйымға қатысушы мемлекеттер басшыларының саммиті барысында Ресей президенті Владимир Путин ОАЫ қызметінің басқа бағыттарындағы қайталанатын қызметтерді жою арқылы ОАЫ-ны ЕурАзЭҚ-пен біріктіру туралы бастама көтерді.

Осы саммитке қатысушылар В.В. Путиннің ұсынысын бірауыздан мақұлдады. 2006 ж. 25 қаңтарда Санкт-Петербургте өткен ЕурАзЭҚ мемлекеттері басшыларының кезекті кездесуінде ОАЫ ұйымын жою жөніндегі барлық қажетті мәселелер келісілді. ОАЫ жойылғаннан кейін ОА-дағы интеграциялық процестер іс жүзінде аяқталды; келесі он жыл ішінде аймақ елдері Ресей мен Қытайдың қолдауымен әртүрлі аймақтық ұйымдар мен одақтарға қосыла бастады.

Өзбекстанда Шавкат Мирзиёев билікке келгеннен кейін Орталық Азиядағы елдер арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңі басталды. Өзбекстанның жаңа үкіметі көршілермен өзара қарым-қатынастарды жақындастыру мен жақсартуға, достық және тату көршілік қатынастар орнатуға бет бұрды. Дәл осы Өзбекстандағы билік пен саяси ахуалдың ауысуы аймақ елдері арасындағы келіссөзді қайта жандануы үшін және аймақ елдері көшбасшыларының ең жоғары деңгейдегі кездесулеріне себеп болды.

2018 ж. 15 наурызда Астанада жиырма жылдық үзілістен кейін, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бірінші Консультативтік кездесуі өтті. Бұл кездесуде оның форматы маңызды болды – ОА басшылары алғаш рет үшінші тараптардың қатысуынсыз жиналды. Кездесуге Шавкат Мирзиёев, Нұрсұлтан Назарбаев, Сооронбай Жээнбеков, Эмомали Рахмон және Түрікменстан Мәжілісінің Төрағасы Ақджа Нұрбердиева қатысты [17].

2019 ж. 29 қарашада Ташкентте Орталық Азия мемлекеттері басшыларының екінші Консультативтік кездесуі өтті. Саммитке Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев, Қазақстанның бұрынғы Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Қырғызстан президенті Сооронбай

Жээнбеков, Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон және Түрікменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов қатысты. Мемлекет басшылары кейінірек шағын құрамда кездесу өткізді. Отырыста Шавкат Мирзиёев осындай кездесулердің маңыздылығын атап өтіп, Орталық Азиядағы көпжақты ынтымақтастықтың бірыңғай көрінісін келісу мәселесіне назар аударды. Кездесуде Өзбекстан президенті Орталық Азияның инвестициялық форумын құруды және Орталық Азияға ортақ туристік бренд қалыптастыруды ұсынды. Саммит қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдеме қабылданып, консультативтік кездесулерді дайындау және өткізу регламенті мақұлданды [18].

Алдағы уақытта ОА-ны дербес интеграциялық аймақ ретінде қалыптастыруға теориялық тұрғыдан алғышарттар бар. ОА – жалпы сипаттамалары, объективті мүдделері және қалыптасқан байланыстары бар елдер тобы. Орталық Азия елдері арасында оларға интеграциялық қатынаста болуға мүмкіндік беретін ұқсастықтар мен байланыстар. Орталық Азияның жеке интеграциялық аймаққа бөлінуінің алғышарттарын төмендегідей көрсетіп өтуге болады:

- ◆ құрлықтың ортасында орналасуы оның Еуразияның едәуір бөлігінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әсері тұрғысынан стратегиялық маңызға ие;

- ◆ су-энергетикалық инфрақұрылым мен бірыңғай энергия жүйесі мәнмәтініндегі өзара тәуелділік;

- ◆ көлік инфрақұрылымы және трансевразиялық транзиттік дәліздердің түйіскен жерінде орналасуы. Иран арқылы аймақтағы елдер Парсы шығанағына, Ауғанстан мен Пәкістан арқылы Үнді мұхитына, Қытай мен Ресей арқылы Азия – Тынық мұхиты аймағына қол жеткізе алады;

- ◆ білім, ғылым, мәдениет және әкімшілік басқару жүйесінің ұқсас инфрақұрылымы;

- ◆ әлі жеткілікті игерілмеген нарық.

Төменде 1-кесте, 2-кесте бойынша келтірілген деректер ОА аймағы мемлекеттерінің даму деңгейіндегі айырмашылықтарды көрсетеді. Мәселен, Қазақстан жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші бойынша өңірдің қалған елдерінен едәуір алда келеді, ал Қырғызстан, Тәжікстан қаралып отырған кезең ішінде табыс деңгейі төмен елдер тобында [19].

Кесте 1 – Орталық Азия елдерінің жалпы ішкі өнімі (2020 ж.)

Әлемдік орны	Елдер	ЖІӨ
40	Қазақстан	501 278 873 201
61	Өзбекстан	252 572 784 500
90	Түркіменстан	96 235 413 857
130	Қырғызстан	32 727 504 112
123	Тәжікстан	36 800 318 446

Халық саны жағынан Өзбекстан Орталық Азия елдерінің халық санының 50%-ға жуығын құрап отыр [20].

Кесте 2 – Орталық Азия халқының саны

Әлемдік орны	Елдер	Млн.	Уақыты
42	Өзбекстан	35 164 428	21 қыркүйек 2021
62	Қазақстан	19 561 430	21 қыркүйек 2021
97	Тәжікстан	9 127 000	1 қаңтар 2019
110	Қырғызстан	6 523 500	1 қаңтар 2020
113	Түркіменстан	5 942 000	1 шілде 2019

Сонымен қатар, сыртқы сауда мәселесін қарастыратын болсақ, орталық Азия елдері шикізат экспорттаушы ел ретінде нарықта орын алып отыр. Және көптеген тауарларын алыс шетелдерге жібереді. Қазақстанның аталған төрт елмен сауда қатынасын зерттеу жүргізгенімізде 5–6%-ын ғана құрап отырғаны және себептері анықталды [21].

Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерімен жалпы сауда айналымы 2017–2021 жж. аралығындағы көрсеткіштерге және динамикасына қарайтын болсақ, Қазақстанның сыртқы сауда сальдосының оң нәтижесін көреміз, яғни қай елмен алып қарасақ та импортталатын тауарлардан, экспортталатын тауарлар саны басым. Толығырақ 3-кестеде көрініс табады.


Кесте 3 – Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы 2017–2021 жж. аралығындағы сауда саттық динамикасы

Мемлекет	2017 ж.		2018 ж.		2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.	
	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт	Экспорт	Импорт
Тәжікстан	458 590,2	323 077,2	523 960,3	317 925,4	653 108,4	109 749,2	693 293,3	98 135,2	800335,43	362016,33
Түркіменістан	55 442,3	44 163,7	86 656,2	11 441,5	116 112,9	29 800,9	76 623,3	51 356,3	211507,36	42844,67
Қырғызстан	516 725,9	248 446,1	656 886,5	243 613,2	624 088,5	315 687,5	581 009,7	267 582,7	568 273,4	306 160,9
Өзбекістан	1 249 166,3	736 181,1	1 639 663,7	844 301,7	1 996 560,2	1 418 571,3	2 137 667,8	793 026,7	2844122,55	1056428,10
Барлығы	2 279 924,7	1 351 868,1	2 907 166,8	1 417 281,9	3 389 870,1	1 873 808,9	3 488 594,2	1 210 100,9	4424238,69	1767450,01

Қазақстанның көрші мемлекеттердің ішінде сыртқы саудасының басым бөлігі Қытай және Ресейге қатысты. Ал Орталық Азия елдерімен сауда айналымының пайыздық үлесі айтарлықтай көп емес. Оған қарамастан, бұл сауданың өсу тенденциясы байқалады. 2017–2021 жж. аралығында Қазақстанның сыртқы саудасындағы осы елдердің үлесі 5,8%-дан 8%-ға дейін өсті. 1-суретте (б. 205) толық көрсетілген [22].

Сонымен бірге, жоғарыда айтылғандай, Орталық Азия елдері минералдық ресурстармен, әсіресе, Қазақстан, Түркіменістан және Өзбекістанның жоғары қамтамасыз етілгені жағынан бір-біріне өте ұқсас. Бір жағынан, бұл аймақтағы көрші елдердің сыртқы сауданың жалпы көлеміндегі өзара сауданың шағын үлесін түсіндіреді. Екінші жағынан, ХХ-шы ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық сауда теорияларына сәйкес, шамамен бірдей пропорцияда әртүрлі өндірістік факторларға ие елдер өзара ішкі салааралық дифференцияланған тауарларға сүйене отырып, ауқымдылық әсеріне және көліктік шығындардан үнемдеуге негізделген өзара табысты сауда жасай алатынын білдіреді.

Қазақстан өз аймағындағы елдермен салыстырмалы түрде жақсы қамтамасыз етілгенінің арқасында мұнай, металл кендері және бидай, күнбағыс және т.б. ауылшаруашылық сияқты ресурстар бойынша сауда көлемін арттырған.



Сурет 1 – Қазақстанның Орталық Азия елдерімен 2017–2021 жж. аралығындағы сауда айналымының динамикасы

Ескертпе – ҚР Қаржы Мин МКК және Стат.гов. дереккөзі негізінде құрастырылды.

Өз кезегінде, Қазақстан Орталық Азия елдерінен ұқсас табиғи ресурстардың кейбір түрлерін және олардың жартылай фабрикаттарын, сондай-ақ өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерінен импорттайды, себебі Қазақстанға қарағанда өндіріс шығындары салыстырмалы түрде төмен. Сондай-ақ, көліктік шығындардың әсеріне байланысты, көрші елдермен трансшекаралық сауда өте маңызды рөл атқаратын. Мысалы, Қазақстанда үлкен газ қоры бола тұра, Өзбекстанға жақын территориясына газды аталған елден жеткізу әлдеқайда тиімді. Және де ҚР-ның оңтүстігінде орналасқандықтан, маусымдық ерекшеліктеріне байланысты, Өзбекстан мен Қырғызстаннан келетін өсімдік өнімдерімен елді қамтамасыз етіп отыруға мүмкіндік бар. Жалпы статистикалық көрсеткіштер бойынша, Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің арасындағы сауда байланыстары көтеріліп келе жатқаны анықталады [21].

Сонымен қатар, ынтымақтастық құру үшін мемлекеттер арасында қандай да бір тайталас болмауы тиіс. Алайда, көп жылдардан бері Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан арасында кикілжің толастар емес. Оған дәлел ретінде 2021 ж. сәуір-мамыр айларында және 2022 ж. қаңтарында Тәжікстан мен Қырғызстан шекарасында қарулы қақтығыстардың басталуы аймақтық мәселелердің алаңдатарлық белгісі болды. Елдер қақтығысты локализациялауға қол жеткізді. Бірақ қабылданған шаралар қырғыз-тәжік шекарасында жаңа қақтығыс ошақтарының пайда болу ықтималдығын жоққа шығармайды.

Қырғыз-тәжік қарым-қатынасындағы шиеленіс және қақтығыс аймағында әскери күш қолдану Орталық Азия елдерінің саяси жақындасу міндетін қиындатуы мүмкін. Ішкі поляризация олардың аймақтық ынтымақтастықты нығайту жолындағы қозғалысына кедергі келтіреді. Аймақтағы бірқатар елдердің екіжақты проблемаларды өз бетінше шешу және осы оқиғалардың ықпалымен интеграциялық үдеріске ену мүмкіндігі туралы идеяның өзі белгілі бір дәрежеде шайқалды деп айтуға болады.

Қырғыз-тәжік шекарасындағы қақтығыс шын мәнінде аймақ елдерінің тәуелсіз өмір сүрген отыз жыл ішінде аймақтық ынтымақтастықтың жетілген нысандарын қалыптастыруға неге жақындай алмағанын түсінудің кілті болып табылады. Осы екі ел сияқты аумақтық даулар Орталық Азияның басқа елдерінің өзара әрекеттесуінде де бар. Сондықтан аймақ елдері бірінші кезекте аумақтық мәселелерді шешуге ден қоюы қажет [23].

Бұл көрсеткіштерден Орталық Азия елдерінің аймақтық интеграция құруға алғышарттары бар болғанымен, әлі де дайын емес екенін көрсетеді.

Дегенмен, дәл қазіргі таңда аймақтық интеграция құрудың алдында келесі салалар бойынша экономикалық ынтымақтастық құруды ұсынамыз:

- ♦ білім саласы бойынша, әлемдік бәсекелеске жеңіл түсе алатын аймақтық білім орталықтарын құру;

- ♦ еңбек миграциясы бойынша, аталған аймақтарда жұмыс мәселесімен заңсыз өтетін миграциялық әрекеттерді заңдастыру;
- ♦ өзара инвестиция мәселесін дамыту;
- ♦ Орта Азиялық экономикалық ынтымақтастығын дамыту жолында мемлекеттік емес ұйымдар мен бизнес-компаниялардың белсенді қатысуын қолдау;
- ♦ Орталық Азияда аймақтық интеграцияның дамуы.

Қазақстан еңбек миграциясы және білім беру қызметтері саласында неғұрлым айқын көрінеді. Дербес Қазақстанның ОА елдерімен экономикалық ынтымақтықты дамыту жолында цифрлық технологияларды дамыту және кеңінен қолдану: аймақтың елдерінің арасындағы сауда ағымдарын жеделдету үшін көлік-логистикалық қызметтерді цифрландыру арқылы «цифрлық жібек жолын» құру. Осы мақсатқа жету жолында Қытайдың инвестициялары мен цифрландыру тәжірибесін тиімді пайдалану.

Қорытынды

Орталық Азияны интеграциялық аймақ ретінде қалыптастырудың алғышарттарына қарамастан, әлі де толық интеграция құруға дайын емес екендігі анықталып отыр. Оған бірқатар ішкі және сыртқы себептер анықталды. Іс жүзінде Орталық Азия елдері тәуелсіздік кезінде іштей өзгерген жоқ. Олар әлі күнге дейін өздерінің ұлттық жүйелерін, өз астаналарында максималды билікті сақтауға баса назар аударады. Экономикалық тұрғыдан да ерекше серпіліс жасамады, олардың шикізат экспорты алыс шетелдерге кетеді және жаңа аймақтық өндірістер құрылмады. Сонымен қатар, көршілес державалар Орталық Азия елдерінің экономикалық интеграция құруына барынша кедергі келтіруде. Қытай ОА елдері үшін үлкен гранттар, төмен пайыздық несиелер мен арзан тауарлар ұсынатын негізгі экономикалық серіктеске айналды. Ресей мен Қытай елдері аймақта шешуші рөл атқарады және ең сәтті интеграциялық бастамалар олардың қатысуымен және жетекші ұстанымдарымен байланысты. Қытайдың Орталық Азия аймағындағы ықпалы артып келе жатыр [24]. Жүргізіп отырған экономикалық және саяси әрекеттері бұл аймақта интеграция құруға қайшы келетінін зерттеу барысында көрсетілді.

Аймақтық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың да маңызы зор. Қазақстан Республикасының басшылығы ТМД елдерінің саммиттерінде сөйлеген сөздерінде халықаралық қауіпсіздік проблемаларының шиеленісуіне, соның ішінде терроризмді, діни экстремизмді, ұйымдасқан қылмысты, бақылаусыз көші-қонды, есірткінің заңсыз айналымына үнемі назар аударады.

Орталық Азия елдерінің сарапшылар қауымдастығы арасында да интеграциялық тенденциялар байқалады. Ғылыми-сараптамалық байланыстарды нығайту, ынтымақтастықты дамытудың өзекті мәселелерін талқылау аясында аталған елдердің сараптамалық орталықтары сарапшылар арасындағы көпжақты өзара іс-қимылды нығайтып, түрлі ғылыми іс-шараларды өткізу бойынша жұмыстарды жүргізіп, одан әрі интеграциясына ықпал ететін бірлескен жобаларды жүзеге асыруы керек.

Жан-жақты диалогты нығайтуда мәдени-білім саласындағы ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Орталық Азия интеграциясындағы бұл бағыт болашақ серіктестіктің табысты болатынына сенімдіміз, өйткені бұл сала ынтымақтастыққа тұтастық беруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, ынтымақтастықтың оң динамикасы сақталса, аймақтық интеграция өзінің экономикалық, мәдени-гуманитарлық әлеуетін нығайтып қана қоймай, сонымен қатар халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды орын алуға толық мүмкіндігі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Винокуров Е.Ю. Динамика интеграционных процессов в Центральной Азии. – 2010. URL: https://eabr.org/upload/iblock/646/n7_2010_2.pdf
- 2 Akiner S. Regional cooperation in Central Asia. School of Oriental and African Studies, University of London. 2007.
- 3 Bartlett D.L. Economic Development in the Newly Independent States: The Case for Regionalism. European Journal of Development Research. 2001. Vol. 13. No. 1.

- 4 Либман А.М. «Интеграция снизу» в Центральной Азии. Евразийская экономическая интеграция, 2009, № 1(2).
- 5 Вардомский Л.Б. Экономическое пространство ЕврАзЭС: структурные особенности регионального сотрудничества. Проблемы постсоветских стран. – Москва, 2004. – № 6.
- 6 Vinokurov E. Financing Infrastructure in Central Asia: Water and Energy Nexus. World Finance Review. Spring issue, 2007.
- 7 Boris Z Rumer. Central Asia at the End of the Transition. eBook: Document View all formats and languages Language: English. Publisher: [Place of publication not identified]: Taylor and Francis Ltd: Routledge, 2016. URL: https://www.worldcat.org/search?q=au%3ARumer%2C+Boris+Z.&qt=hot_author
- 8 Asian Development Bank Institute. Connecting Central Asia with Economic Centers. 2014. file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/adbi-connecting-central-asia-economic-centers-final-report.pdf
- 9 OECD Enhancing Competitiveness in Central Asia. 2018. URL: https://www.oecd-ilibrary.org/development/enhancing-competitiveness-in-central-asia_9789264288133-en
- 10 Закиева Ш.Б. Интеграция в Центральной Азии и Казахстан. Монография. Издательство: Научная книга. М., 2007. – С. 192.
- 11 Кушкумбаев С. Центральная Азия на путях интеграции: геополитика, этничность, безопасность. – Алматы, 2002.
- 12 Акимбеков С.М. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии. – Алматы, 1998. – С. 279.
- 13 Орталық Азия 25 жылда: ақпараттық-талдамалық шолу. Жалпы ред.: З.К. Шәукенова. – Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2017.
- 14 Журнал «Национальные интересы» // [Электронный ресурс] URL: http://web.archive.org/web/20160305043444/http://www.ni-journal.ru/archive/2001/n5_6_2001/94defb0f/ecc8ccfc/
- 15 Договор о создании Единого экономического пространства между Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан от 10 января 1994 года // [Электронный ресурс] / Законодательство стран СНГ. URL: http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=3893
- 16 Ташкентское заявление глав государств ЦА (г. Ташкент, 28 декабря 2001 г.) // [Электронный ресурс] / CENTRAL ASIA WATER. URL: <http://www.cawater-info.net/library/declar.htm>
- 17 Исполнительный комитет СНГ // [Электронный ресурс] URL: <http://cis.minsk.by/news/8979/v-astane-prosla-pervaa-konsultativnaa-vstreca-glav-gosudarstv-centralnoj-azii>
- 18 Сухроб Р. Центральная Азия несложившаяся интеграция? 4 июня, 2020. URL: <https://www.caanetwork.org/archives/19909>
- 19 URL: <https://nonews.co/directory/lists/countries/gdp-ppp>
- 20 URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
- 21 Медуханова Л., Сериева Ж. Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасындағы сауда ынтымақтастығы. – “ҚазҰУ Хабаршысы” (Экономикалық серия). – 2019. – № 2.
- 22 URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=kk>
- 23 Новый конфликт на границе: что делят Таджикистан и Киргизия? URL: <https://www.gazeta.ru/army/2022/01/27/14467249.shtml>
- 24 Медуханова Л., Сериева Ж. Қытайдың Қазақстанның Орталық Азия елдерімен экономикалық ынтымақтастығына ықпалы. – Экономика: Стратегия және практика. – 2020. – № 4(15).

REFERENCES

- 1 Vinokurov E.Ju. Dinamika integracionnyh processov v Central'noj Azii. URL: https://eabr.org/upload/iblock/646/n7_2010_2.pdf
- 2 Akiner S. (2007) Regional cooperation in Central Asia. School of Oriental and African Studies, University of London.
- 3 Bartlett D.L. (2001) Economic Development in the Newly Independent States: The Case for Regionalism. European Journal of Development Research. Vol. 13. No. 1.
- 4 Libman A.M. (2009) «Integracija snizu» v Central'noj Azii. Evrazijskaja jekonomicheskaja integracija. No. 1(2).
- 5 Vardomskij L.B. (2004) Jekonomicheskoe prostranstvo EvrAzJeS: strukturnye osobennosti regional'nogo sotrudnichestva. Problemy postsovetских стран. Moskva. No. 6.
- 6 Vinokurov E. (2007) Financing Infrastructure in Central Asia: Water and Energy Nexus. World Finance Review. Spring issue.
- 7 Boris Z Rumer. Central Asia at the End of the Transition. eBook: Document View all formats and languages Language: English. Publisher: [Place of publication not identified]: Taylor and Francis Ltd: Routledge, 2016. URL: https://www.worldcat.org/search?q=au%3ARumer%2C+Boris+Z.&qt=hot_author

- 8 Asian Development Bank Institute. Connecting Central Asia with Economic Centers. 2014. file:///C:/Users/F550~1/AppData/Local/Temp/adbi-connecting-central-asia-economic-centers-final-report.pdf
- 9 OECD Enhancing Competitiveness in Central Asia. 2018. URL: https://www.oecd-ilibrary.org/development/enhancing-competitiveness-in-central-asia_9789264288133-en
- 10 Zakieva Sh.B. (2007) Integracija v Central'noj Azii i Kazahstan. Monografija. Izdatel'stvo: Nauchnaja kniga. M. P. 192.
- 11 Kushkumbaev S. (2002) Central'naja Azija na putjah integracii: geopolitika, jetnichnost', bezopasnost'. Almaty.
- 12 Akimbekov S.M. (1998) Afganskij uzel i problemy bezopasnosti Central'noj Azii. Almaty. P. 279.
- 13 Ortalyқ Azija 25 zhylda: aқparattyқ-taldamalyқ sholu. Zhalpy red.: Z.K. Shәukenova. – Astana: ҚR Prezidenti zhanyndaғы ҚSZI, 2017.
- 14 Zhurnal Nacional'nye interesy // [Jelektronnyj resurs] URL: http://web.archive.org/web/20160305043444/http://www.ni-journal.ru/archive/2001/n5_6_2001/94defb0f/ecc8ccfc/
- 15 Dogovor o sozdanii Edinogo jekonomicheskogo prostranstva mezhdru Respublikoj Kazahstan i Respublikoj Uzbekistan ot 10 janvarja 1994 goda // [Jelektronnyj resurs] / Zakonodatel'stvo stran SNG. URL: http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=3893
- 16 Tashkentskoe zajavlenie glav gosudarstv CA (g. Tashkent, 28 dekabrja 2001 g.) // [Jelektronnyj resurs] / CENTRAL ASIA WATER. URL: <http://www.cawater-info.net/library/declar.htm>
- 17 Ispolnitel'nyj komitet SNG // [Jelektronnyj resurs] URL: <http://cis.minsk.by/news/8979/v-astane-proslya-pervaa-konsultativnaa-vstreca-glav-gosudarstv-centralnoj-azii>
- 18 Suhrob R. Central'naja Azija neslozhivshajasja integracija? 4 ijunja, 2020. URL: <https://www.caa-network.org/archives/19909>
- 19 URL: <https://nonews.co/directory/lists/countries/gdp-ppp>
- 20 URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
- 21 Meduhanova L., Serieva Zh. (2019) Қазақстан мен Ortalyқ Azija elderi arasyndaғы sauda ynty-maқtastyғы. – “ҚазҰУ Хабаршысы” (Jekonomikalық serija). No. 2.
- 22 URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=kk>
- 23 Novyj konflikt na granice: chto deljat Tadzhiкistan i Kirgizija? URL: <https://www.gazeta.ru/army/2022/01/27/14467249.shtml>
- 24 Meduhanova L., Serieva Zh. (2020) Қытайдун Қазақстаннун Ortalyқ Azija elderimen jekonomikalық ynty-maқtastyғына uқpaly. – Jekonomika: Strategija zhәne praktika. No. 4(15).

Л.А. МЕДУХАНОВА,¹

к.э.н.

e-mail: medukhanova.l@gmail.com

Ж.А. СЕРИЕВА,^{*1}

докторант.

*e-mail: name.zhanar@mail.ru

М.С. САРЫБАЕВ,²

PhD.

e-mail: smeiram@gmail.com

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный исследовательский
технический университет им. К.И. Сатпаева,
Казахстан, г. Алматы

ИСТОРИЯ И ПРЕДПОСЫЛКИ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация

Исторически сложилось, что Центральная Азия с древних времен была процветающим регионом вдоль Шелкового пути. Важность Центральной Азии обусловлена двумя основными показателями. Во-первых, Центральная Азия была основной территорией нескольких передовых государств и цивилизаций, которые внесли значительный вклад в научные, политические, культурные и промышленные процессы в мире. Во-вторых, благодаря своему расположению Центральная Азия всегда играла роль пересечения торговых,

культурных и цивилизационных обменов в глобальном масштабе. Рассматриваются возможности создания экономической интеграции стран Центральной Азии, которые в настоящее время вновь приобретают особую роль. В статье раскрывается история создания интеграции между Казахстаном и странами Центральной Азии и определяются возможности интеграции в будущем. Были использованы такие методы аналитического и статистического исследования, как анализ зарубежных и отечественных изданий по исследуемой теме, статистические данные, характеризующие историю, экономику и мировое место интеграции стран ЦА.

Ключевые слова: экономика, интеграция, торговые отношения, процесс, регион, инвестиции, сотрудничество.

L.A. MEDUKHANOVA,¹

c.e.s.

e-mail: medukhanova.l@gmail.com

ZH.A. SERIEVA,*¹

PhD student.

*e-mail: name.zhanar@mail.ru

M.S. SARYBAYEV,²

PhD.

e-mail: smeiram@gmail.com

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Kazakh National Research Technical University

named after K.I. Satpaev, Kazakhstan, Almaty

HISTORY AND PREREQUISITES FOR ECONOMIC INTEGRATION OF CENTRAL ASIAN COUNTRIES

Abstract

Historical evidence is that Central Asia has been a prosperous region along the Silk Road since ancient times. The importance of Central Asia comes from two main indicators. First, Central Asia has become the main territory of several advanced states and civilizations that have made significant contributions to scientific, political, cultural and industrial processes in the world. Secondly, due to its location, Central Asia has always played the role of a crossroads of trade, cultural and civilizational exchanges on a global scale. The possibilities of economic integration of the Central Asian countries, which are now again playing a special role, will be considered. The article reveals the history of the creation of integration between Kazakhstan and the countries of Central Asia and determines the possibilities of integration in the future. Such methods of analytical and statistical research as the analysis of foreign and domestic publications on the topic under study, statistical data characterizing the history, economy and the world place of integration of the Central Asian countries were used.

Key words: economy, integration, trade relations, process, region, investment, cooperation.